ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 сәуір №1912-26-00-2/456 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысын хатшысы Д.Данияркызын ала отырып, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «STATUS» атынан әрекет ететін Қамитқызы Жеңісгүл

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Уразбаев Н.
талап қоюшының өкілі Нурсеитов А.Е.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2026 жылғы 03 ақпанда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- Макеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «STATUS» атынан әрекет ететін Қамитқызы Жеңісгүл (бұдан әрі – ЖК «STATUS», Өнім беруші) арасында Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №040440007107/260011/00 шарт (әрі қарай – Шарт) жасалынған. Шарттың жалпы сомасы 222 222.22 тенгені құрайды.

Шарт бойынша Өнім беруші өрт, күзеттік хабарлағышты, өрт сөндіру, бейнебақылау жүйелерін және ұқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге міндеттелген. Көрсетілетін қызмет Шартқа қол қойған куннен бастап 15 күн ішінде көрсетілуі қажет.

Алайда, ЖК «STATUS» өзіне алған міндеттемені белгіленген мерзімде, тиісті түрде орындамаған.

Тапсырыс берушімен Шарт біржақты тәртіппен 2026 жылғы 08 сәуірде бұзылған.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда ЖК «STATUS» Шарт бойынша алған міндеттемені орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, одан 1554 теңге көлемде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада сот отырысына қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 196 бабы 4 бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды жасады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Іс құжаттарына сәйкес, ЖК «STATUS» Мекемемен Шарт жасасып, 2026 жылдың 18 ақпанына дейін өрт, күзеттік хабарлағышты, өрт сөндіру, бейнебақылау жүйелерін және ұқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге міндеттелген.

Алайда, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісті түрде, белгіленген мерзімде орындамаған.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 21.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.05.2026
1912-26-3-1/539

берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес, белгіленген мерзімде берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 17 бабы 9 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-нан аспауға тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны үшін 1554 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша алған міндеттеме тиісті түрде орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 1554 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 2210 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 21.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.05.2026
1912-26-3-1/539

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «STATUS» атынан әрекет ететін Қамитқызы Жеңісгүлге қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толықтай қанағаттандырылсын.

«STATUS» атынан әрекет ететін Қамитқызы Жеңісгүл мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«STATUS» атынан әрекет ететін Қамитқызы Жеңісгүлден мемлекет пайдасына 1554 (бір мың бес жүз елу төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 2210 (екі мың екі жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 21.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.05.2026

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕШ» Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 21.04.2026

1912-26-3-15339

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.05.2026

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 21.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.05.2026